

**Жақсы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы "2014 жылға арналған Жақсы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" № 5С-24-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 5ВС-27-2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда № 4155 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жақсы аудандық мәслихатының «2014 жылға арналған Жақсы ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын анықтау туралы» шешіміне Жақсы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-24-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3966 болып тіркелген, 2014 жылдың 24 қаңтарда «Жақсы жаршысы» аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

«2014 жылға арналған Жақсы ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы»;

шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. 2014 жылға арналған Жақсы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға аудан бюджетінде қарастырылған сома көлемінде келесі әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну

т у р а л ы :

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;  
2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.».

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*сессиясының төрағасы*

*Ж а қ с ы            а у д а н д ы қ            м ә с л и х а т*  
*Б.Жанәділов*

*мәслихатының хатшысы*

*Ж а қ с ы            а у д а н д ы қ*

*Б.Жанәділов*

**КЕЛІСІЛГЕН**

*Жақсы ауданының әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*